

26 наурыз 2019 ж. № СД 14-19
директорлар
Кеңесінің хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

КҮЗЕТ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН **ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы күзет ұйымдарының кәсіби жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) негізінде «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) кәсіби қызметі жеке тұлғалардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан (күзет қызметтері) қорғау бойынша қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) күзет ұйымдарының кәсіби жауапкершілігін ерікті сақтандыру Шартын (әрі қарай мәтін бойынша – сақтандыру Шарты) құрады.

1.2. Сақтандыру Шарты залал келтірілуі мүмкін тұлғалардың пайдасына құрылған, бұл жағдайда Пайда алушы ретінде әрекет ететін болып есептеледі.

2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтанушының кәсіби қызметін жүзеге асыру шеңберінде Пайда алушының (-лардың) мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу міндеттеріне байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру қате әрекеттер (әрекетсіздіктер) және (немесе) арнайы рұқсат (лицензия, хабарламалар) негізінде өткізілетін және (немесе) арнайы білімді, тәжірибені және (немесе) біліктілікті талап ететін кәсіби қызмет процесінде немесе нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтіруге байланысты залалдың жартылай немесе толық өтемақысы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды білдіреді

3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ

3.1. Сақтанушының үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі кәсіби жауапкершілігін белгілеу дерегі және Сақтандырушының жазбаша келісімімен заңды күшіне енген сот

шешімі не Сақтанушының кінәсін ерікті түрде мойындауы негізінде Сақтанушы жүзеге асыратын кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде Сақтанушының жіберген кәсіби қателіктерінің нәтижесінде Сақтанушының жәбірленушілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу міндеті сақтандыру жағдайы болып табылады.

3.2. Сақтандыру Шарты бойынша Сақтанушының қандай да бір заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан азаматтардың және/немесе заңды тұлғалардың мүліктік және/немесе мүліктік емес мүдделеріне келтірілген зиянды (залалды) өтеу көзделеді.

3.3. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

4.1. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының (Пайда алушының және өзге де үшінші тұлғалардың) моральдық зияны, жіберілген пайдасы, Сақтанушы (Пайда алушы және өзге де үшінші тұлғалар) сақтандыру жағдайы басталмаған кезде алатын алынбаған табыстар, сондай-ақ өзге де шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.) сақтандырумен өтелмейді.

4.2. Сақтандыру қорғанысы мүліктік зиян үшін тек қана кәсіби жауапкершілікке қолданылады және моральдық зиян және Пайда алушымен құрылған **қызмет көрсету Шарты** бойынша Сақтанушының өз міндеттемелерін орындамауынан/тиісінше орындамауынан туындаған зиян үшін жауапкершілікті өтемейді.

5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

5.2. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру Шартында Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

5.3. Сақтандыру Шартында әрбір сақтандыру жағдайы бойынша және/немесе бір Пайда алушыға қатысты жауапкершіліктің шекті сомалары (лимиттері) белгіленуі мүмкін.

5.4. Сақтандыру Шартын құру кезінде мөлшері мен түрі сақтандыру шарттарымен анықталатын франшиза белгіленуі мүмкін.

6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандыру Шарты сақтандыру Шартын рәсімдеу арқылы Сақтанушының өтініші негізінде құрылады.

6.2. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушыға сақтандыру жағдайының (сақтандыру тәуекелінің) туындау ықтималдығын және егер бұл мән-жайлар белгілі болмаса және Сақтандырушыға белгілі бола алмаса, оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды Сақтанушы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Бұл ретте Сақтандырушымен сақтандыру Шартында немесе оның жазбаша сұрау салуында сөзсіз келісілген мән-жайлар маңызды деп танылуы мүмкін. Егер сақтандыру Шартын құрғаннан кейін Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Шартты жарамсыз деп тануды және Сақтанушы жасырып қалған мән-жайлар жойылған жағдайды қоспағанда ҚР заңнамасында көзделген салдарларды қолдануды талап етуге құқылы.

Жоғарыда айтылғандар Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз бола алады.

Сақтанушы Сақтандырушының өтішінде және жазбаша сұрау салуларына жауаптарда ұсынылған деректердің сенімділігі мен толықтығына жауапты болады.

6.3. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалауды жүргізуге, атап айтқанда оның кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың мәні болып табылатын Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызмет ерекшеліктерімен танысуға құқылы.

7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

7.1. Сақтандыру Шарты Тараптармен келісілген мерзімге құрылады.

7.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру Шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

7.3. Егер сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру Шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

8 БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтанушы құқылы:

- 8.1.1. Сақтандырушыдан сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру талаптарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 8.1.2. сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 8.1.3. Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 8.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тарту туралы шешіміне дау айтуға;

Сақтандыру шарттарында Сақтанушының ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.2. Сақтанушы міндетті:

- 8.2.1. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 8.2.2. Шарт құрылған кезде және қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға сақтандырылған сақтандыру объектісіне қатысты барлық қолданыстағы немесе құрылатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 8.2.3. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 8.2.4. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы уақтылы хабарлауға;
- 8.2.5. сақтандыру жағдайы бойынша барлық ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуде және қажетті құжаттарды жинауда қажетті көмек көрсетуге;
- 8.2.6. Сақтандырушыға (соңғысының талабы бойынша) үшінші тұлғалармен сотқа дейінгі немесе сот тәртібімен дауларды реттеу кезінде өкілеттік беруге;
- 8.2.7. Егер ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген талап қою мерзімдері ішінде сақтандыру шартының немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығын толық немесе жартылай айыратын мән-жай анықталса, Сақтандырушыға жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандыру төлемінің барлық сомасын қайтаруға;
- 8.2.8. өтемақыны төлемеуге, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты оған қойылатын талаптарды жартылай немесе толық мойындамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз мұндай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне қабылдамауға;
- 8.2.9. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру жағдайының себептерін, барысы мен салдарларын анықтау, сондай-ақ одан әрі залалды азайту үшін барлық ақылға қонымды шараларды қолдануға;
- 8.2.10. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Сақтанушы мен Пайда алушы бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау жөніндегі міндет Пайда алушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Пайда

алушы) дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол оны құжатпен растауы тиіс;

8.2.11. Сақтандырушының бүлінген мүлікті тексеруге және келтірілген залалдың/зиянның мөлшерін белгілеуге қатысуын қамтамасыз етуге;

8.2.12. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру не бас тарту үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;

Сақтандыру Шартында ҚР заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

8.3. Сақтандырушы құқылы:

8.3.1. Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Шарттың талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;

8.3.2. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді және сақтандыру тәуекелін бағалауды алуға;

8.3.3. сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйақысын алуға;

8.3.4. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама және оның құжаттамалық растамасын алуға;

8.3.5. Сақтанушының атынан сот органдарында дауларды сотқа дейінгі немесе сот тәртібімен үшінші тұлғалармен реттеу кезінде Сақтанушыдан өкілеттіктер алу кезінде қатысуға;

8.3.6. сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюын мөлшерлей отырып, қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге;

8.3.7. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу дерегін және Пайда алушыға келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

8.3.8. сақтандыру шартында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда залал келтіруге жауапты тұлғаға талаптар қоюға;

Сақтандыру шарттарында ҚР азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.4. Сақтандырушы міндетті:

8.4.1. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға және оның талабы бойынша Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

8.4.2. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішін уақтылы қабылдауға;

8.4.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шарттарында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлемді жүзеге асыруға;

8.4.4. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

8.4.5. Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсалған шығындарды өтеуге;

8.4.6. сақтандыру төлемі туралы талапты алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға (немесе Сақтандырылушыға) сақтандыру төлемін

жүргізу немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға;

Сақтандыру шарттарында ҚР заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

9.1. Сақтандыру шарттарында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы оған белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оның басталғаны туралы Сақтандырушыға немесе оның өкіліне кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

- ықтимал шығындарды азайту үшін болған мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға. Сақтанушының (Сақтандырылушының) ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады;

- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қойылған мүліктік сипаттағы барлық талаптар туралы хабарлауға;

- уәкілеттік органдардың сақтандыру жағдайы бойынша алдын ала зерттеу жүргізгені, оған байланысты Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қарсы қылмыстық іс қозғағаны, оның мүлкіне тыйым салғаны, сақтандыру жағдайын зерттеуге байланысты өзге де қылмыстық-процестік әрекеттер жүргізгені туралы, жәбірленуші тұлғаның материалдарды тексергенге және Сақтандырушы өз шешімін шығарғанға дейін сотқа талап арыз бергені туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

- Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандыру жағдайына байланысты қойылатын талаптарды мойындамауға, осындай талаптарды реттеу бойынша өзіне қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға залалдарды өтемеуге;

- егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) талаптарды қанағаттандырудан бас тарту немесе талап қою мөлшерін азайту мүмкіндігі мен негіздері болса, Сақтандырушыны хабардар етуге және осындай мүмкіндікті жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

- егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты өзінің де, Сақтанушының (Сақтандырылушының) да мүдделерін қорғау үшін адвокатты немесе өзге де уәкілетті тұлғаны тағайындау қажет деп таныса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат және басқа да құжаттарды беруге.

10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе жәбірленуші (Пайда алушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

10.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) сақтандыру Шартының көшірмесі;
- 2) келтірілген мүліктік залалдың мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының есебі (егер сақтандыру шарттары бойынша мүліктік залалдың мөлшерін анықтау тәуелсіз сарапшының құзыретіне жатқызылса);
- 3) стационарлық науқастың медициналық картасының көшірмесі;
- 4) жәбірленуші тұлғаның еңбекке жарамсыздық парағы;
- 5) медициналық мекеменің қорытындысы және мүгедектікті тағайындау туралы құзыретті органның анықтамасы;
- 6) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 7) үшінші тұлғаға зиян/залал келтірілген әрекеттер нәтижесінде Сақтанушы мен қызметкердің арасындағы еңбек қатынастарының дерегін растайтын құжаттар;
- 8) Пайда алушының келтірілген залалды өтеу туралы талап арызының/шағымының көшірмесі;
- 9) Сақтанушының кәсіби жауапкершілігінің басталуы туралы заңды күшіне енген сот шешімінің түпнұсқасы (егер Сақтандырушы нәтижесінде жәбірленуші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген мән-жайларды сот талқылауынсыз сақтандыру жағдайы ретінде танымаған жағдайда);
- 10) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 11) сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушы шотының банктік деректемелері немесе сақтандыру төлемін алуға Жәбірленуші өкілінің сенімхатының түпнұсқасы (жәбірленуші қайтыс болған/оны әрекетке қабілетсіз деп таныған жағдайда, атап айтқанда мұрагерлік құқығы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі; кәмелетке толмаған мұрагерлер үшін сақтандыру төлемін заң бойынша олардың өкіліне алу туралы қамқоршылық және қорғаушылық органының/жергілікті атқарушы органының келісімінің не сенімхаттың түпнұсқасы);
- 12) сақтандырылған сақтандыру объектісіне барлық басқа да сақтандыру өтемдері туралы мәліметтерді растайтын құжаттар;
- 13) шығындардың алдын алу немесе азайту мақсаттарында Сақтанушының шеккен шығындарын растайтын құжаттар;
- 14) сақтандыру жағдайына қатысы бар өзге де құжаттар.

Сақтандыру шарттарымен сақтандыру жағдайының басталғанын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың өзге де тізбесі анықталуы мүмкін.

10.3. Шығындар мөлшері анықталады:

1) мүлік бүлінген кезде – Сақтандырушы жазбаша ұсынған тәуелсіз сарапшының есебінде анықталған амортизациялық тозуды ескере отырып, не Сақтанушының (немесе Пайда алушының) ұсынған құжаттар негізінде Сақтандырушының жазбаша келісімімен қалпына келтіру жұмысының құны мөлшерінде;

2) үшінші тұлғалардың (Пайда алушылардың) өміріне және денсаулығына зиян келтірілген кезде залал төмендегідей мөлшерде анықталады:

- нақты шығындар, бірақ протездеуді, косметологияны, басқа күтімді, санаторий-курорттық емдеуді, арнаулы көлік құралдарын сатып алуды қоспағанда, еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтқан кезде Пайда алушының денсаулығын қалпына келтіруге (емдеуші дәрігердің жазбаша тағайындауы бойынша) бағытталған бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының 30 (отыз) %-нан немесе;

- жәбірленушіге «мүгедек бала», «III топтағы мүгедек бала», «II топтағы мүгедек бала», «I топтағы мүгедек бала», «I, II, III топтағы мүгедек» санаттары тағайындалған жағдайда бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының 50 (елу) %-нан немесе;

- қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектіктің III тобы тағайындалған жағдайда бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының 50% (елу) -нан немесе;

- қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектіктің II тобы тағайындалған жағдайда бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының 60 (алпыс) %-нан немесе;

- қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектіктің I тобы тағайындалған жағдайда бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының 85 (сексен бес) %-нан немесе;

- Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда бір сақтандыру жағдайы бойынша белгіленген сақтандыру сомасының 100%-нан аспайды. Көрсетілген жағдайда ҚР Азаматтық Кодексінің 940-бабының 1-тармағында белгіленген белгілері бар тұлға төлем алушы болып табылады. Егер мұндай тұлғалар бірнеше болса, сақтандыру төлемі оларға тең үлестермен төленеді. ҚР АҚ 940-бабының 1-тармағында белгіленген белгілері бар тұлғалар болмаса, сақтандыру төлемі төленбейді.

10.4. Егер зиян бірнеше Пайда алушыларға келтірілсе, онда әрбір Пайда алушыға сақтандыру төлемі жауапкершілік лимиті шегінде оған келтірілген залал мөлшерінің үлесіне тең үлесте барлық Пайда алушыларға келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне жүзеге асырылады.

10.5. Бір оқиғаның нәтижесінде туындаған барлық мәлімделген талаптар бір сақтандыру жағдайы ретінде қаралады.

10.6. Сақтандыру шарттарында Сақтандырушының сақтандыру төлемін (толық немесе жартылай) сақтандыру төлемінің мөлшері шектерінде заттай нысандағы залалдың өтемақысымен ауыстыру құқығы көзделуі мүмкін.

11 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМІ

11.1. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы хабарлайды.

11.2. Сақтандыру Шартында хабарламаның өзге мерзімі белгіленуі мүмкін.

12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

12.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру шарттарында көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізеді.

12.2. Сақтанушы сақтандыру төлемінің мөлшерін даулаған жағдайларда Сақтандырушы осы Ережелердің 12.1-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың ешқайсысы дауламайтын бөлігінде сақтандыру төлемін дереу жүзеге асыруға міндетті.

12.3. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:

12.3.1. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның туындауына ықпал ететін Пайда алушының қасақана әрекеттері;

12.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Пайда алушының әрекеттері;

12.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесілер негіз бола алады:

12.4.1. Пайда алушының зиян келтіргені үшін кінәлі тұлғадан зиянды тиісті өтеуді алу;

12.4.2. Сақтандырушының осы Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы;

12.4.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

12.4.4. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;

12.4.5. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуде және келтірілген зиян мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;

12.4.6. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе жартылай қайтаруды талап етуге құқылы.

12.5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

13 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру Шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімі өткенде;
- 2) Шартты мерзімінен бұрын тоқтату;
- 3) Сақтандырушының сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.

13.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841 бабында белгіленген жағдайларда сақтандыру Шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылады.

13.3. Сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға өзінің қолданылу мерзімі өтпеген кезең үшін төлеген сақтандыру сыйақыларын және істі жүргізуге жұмсалған шығындарды шегере отырып, сақтандырусыйақысының жалпы сомасының 25% мөлшерінде және жүргізілген сақтандыру төлемдерін мынадай мөлшерде қайтарады: 15 күнге дейін – 15% **; 16 күннен бастап 1 айға дейін* – 20% **; 1 айдан 2 айға дейін* – 30% **; 2 айдан 3 айға дейін* – 40% **; 3 айдан 4 айға дейін* – 50% **; 4 айдан 5 айға дейін* – 60% **; 5 айдан 6 айға дейін* – 70% **; 6 айдан 7 айға дейін* – 75% **; 7 айдан 8 айға дейін* – 80% **; 8 айдан 9 айға дейін* – 85% **; 9 айдан 10 айға дейін* – 90% **; 10 айдан 11 айға дейін* – 95% **; 11 айдан жоғары* – 100% **.

* – Шарт күшіне енген сәттен бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейінгі өткен мерзім.

** – Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйақысының %).

13.4. Сақтандыру Ережелерінде көзделмеген негіздемелер бойынша Сақтанушының талабы бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылуға жатпайды.

14 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ШАРТТАР

14.1. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы осы Ережелердің жекелеген қағидаларын қолданбау туралы және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес сақтандыру шарттарын толықтыру туралы келісе алады.

15 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Сақтандыру Шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.